

**"McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасын Айзенберг компаниясы тобының Қазақстан Республикасына талаптары бойынша Стокгольм қаласындағы Сауда палатасының Төрелік институтындағы сот процестеріне байланысты Қазақстан Республикасының мүддесін қорғауға тарту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 18 шілдедегі N 1136

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қазақстан Республикасына "Юниверсал Саплай Компани" қойған талабы бойынша N 039/1997 қозғалған іс, Қазақстан Республикасына "Айзенберг Экспорт Компани, Лтд" және "Эйша Хаус, Лтд" қойған талабы бойынша қозғалған N 038/1997 іс бойынша Стокгольм қаласындағы Сауда палатасының Төрелік институтында Айзенберг компаниясы тобының талаптары бойынша тікелей сот істерін адвокат ретінде жүргізуге, үкімет органдарымен, басқа да тиісті талаптармен келіссөздер жүргізуге, сот құжаттарын және сайысушылық қағаздарын, іске қатысты құқықтық мәселелер мен процедуралық зерттеулерді қоса алғанда, Қазақстан Республикасының мүддесін білдіруге және қорғауға "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасын таңдап алуы туралы шешімі мақұлдансын.

2. Консультациялық қызмет көрсету кешеніне жасалған шарттың мәтіні мақұлдансын.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі К.А.Колпаков Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан "McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасымен Консультациялық қызмет кешенін көрсетуге жасалған шартқа қол қойсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, ай сайын

"McGuire, Woods, Battle & Boothe, L.L.P" халықаралық заң фирмасы ұсынатын, жалпы сомасы 200 000 (екі жүз мың) АҚШ доллары көлемінен аспайтын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 620

P970620\_

қаулысында көрсетілген тәртіппен шоттарға өтем жасауды жүзеге асырады деп белгілесін.

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК